

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 желтоқсандағы N 1314 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 17 тамыз N 1169. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.11.06. N 1675 қаулысымен. ~P001675

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын мемлекеттік тапсырыс туралы үлгі ережені әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 желтоқсандағы N 1314 P981314_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 48, 440-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері-мемлекеттік мекемелер республикалық бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын Мемлекеттік тапсырыс туралы ережені Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісетін болсын";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік бюджеттің қаражаты

есебінен орындалатын Мемлекеттік тапсырыс туралы үлгі ережені әзірлеу жөніндегі нұсқаулықта:

2-тармақта:

"олардың көлемін көрсете отырып" деген сөздер алынып тасталсын;

"қаржыландыру кезінде қолданылатын әрбір бағдарлама бойынша есеп айырысу принциптерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-бөліммен және 7-тармақпен толықтырылсын:

"4. Мемлекеттік тапсырысты атқарудың өлшемдері

7. Бұл тарауда мемлекеттік тапсырыстың сапалы орындалуының көрсеткіштері болып табылатын өлшемдер көрсетіледі. "

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК